

**"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамы
акцияларының мемлекеттік пакетінің бір бөлігін сату туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 16 мамыр N 732

"Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 10 тамыздағы N 758 Р980758_
қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру комитеті "Жібек жолы - Қазақстан" ұлттық компаниясы" ашық
акционерлік қоғамының акциялары мемлекеттік пакетінің бастапқы құны
28462000 (жиырма сегіз миллион төрт жүз алпыс екі мың) теңге 28462 (жиырма
сегіз мың төрт жүз алпыс екі) акция көлеміндегі бір бөлігін 50 пайыз қосу
бір акция мөлшеріндегі мемлекеттің үлесін тиісінше сақтай отырып, жабық
тәсілмен сатуды жүзеге асырсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.